


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»

Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

ҚҰРЫЛЫМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ

2025 ж. 26 ақпан

күні

Алматы қ.

№ 111 05-225

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ

Ғылыми кеңестің шешімімен

Бекітемін

Төраға

Г. Тасбергенова

2025 жылғы «26» 02 № 8 хаттама



КӘСІБИ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ БӨЛІМІ

Дайындаған:			
Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімінің басшысы		А. Баймуканова	24.02.25
Келісілді:			
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Г. Әбдірахман	24.02.25
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а		А. Нусупова	24.02.25
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		Н. Кулданов	
Сапа менеджметі, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы		А. Сарымсакова	24.02.25
Compliance officer		Г. Джагупарова	
Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы		Г. Карабалаева.	
Заң секторының басшысы		Д. Мамедова.	
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. МІНДЕТТЕР	4
3. ФУНКЦИЯЛАР.....	5
4. ҚҰҚЫҚТАР... ..	9
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК	9
6. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ.....	10
7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	10
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	10
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҚШАСЫ.....	11
ТАНЫСУ ПАРАҚШАСЫ.....	12

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 2 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (одан әрі – Консерватория) құрылымдық бөлімшесі болып табылатын кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөліміне қатысты талаптарды айқындайды және белгілейді.

2. Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі (әрі қарай - Бөлім) Консерватория Ректорының бұйрығымен құрылып, жабылады.

3. Бөлім қызметкерлері Консерватория ректорының бұйрығы негізінде тағайындалып, лауазымынан босатылады.

4. Бөлімнің құрылымын және штат санын Консерватория Ректоры Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен келісіп, басқару аппаратының құрылымына және мамандар мен қызметкерлер санының нормативтеріне сәйкес, Консерваторияның жұмыс көлемі мен қызмет ерекшеліктерін ескере отырып бекітеді.

5. Бөлімді басқаруды бөлім басшысы жүзеге асырады.

6. Бөлімнің штаттық бірліктерінің саны Консерваторияның штат кестесімен анықталады.

7. Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі қызметінің **мақсаты** - педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуы мен құзыреттіліктерінің өсуін қамтамасыз ететін үздіксіз кәсіби даму жүйесін құру, музыка пәні мұғалімдерін даярлаудың сапасын арттыру, біліктілік деңгейіне қойылатын талаптардың жоғарылауына және заманауи оқу әдістерін меңгеру қажеттілігіне байланысты теориялық және практикалық білімді жаңарту.

8. Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі өз жұмысында мынадай қағидаларға сүйенеді:

1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңы; (2025 жылғы 11 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулармен);

2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы; (2025 жылғы 1 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулармен);

3) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі; (2025 жылғы 1 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулармен);

4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы»;

5) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы «Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту ережелерін бекіту туралы»;

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 3 беті

6) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығымен бекітілген білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысаны;

7) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жарғысы (әрі қарай - Консерватория), Консерваторияның жалпы қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар;

8) осы Ереже.

9. Ереже өнер мекемелерінің оқытушылары мен мамандарының біліктілігін арттыру бойынша оқу-өндірістік процесін ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес ұйымдастыратын Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімінің қызмет тәртібін анықтайды.

10. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын (әрі қарай - Курстар) ұйымдастыру және өткізу бойынша жалпы басшылық пен бақылауды академиялық мәселелер жөніндегі проректор жүзеге асырады.

11. Консерваторияда Курстарды ұйымдастыру, ақпараттық қолдау көрсету және өткізу міндетін кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі (әрі қарай - Бөлім) атқарады.

12. Бөлім бекітілген білім беру бағдарламаларына сәйкес курстарда оқытуды жүзеге асырады.

13. Демалыс және еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңіне, болмаған қызметкердің міндеттері (тиісті біліктілік болған кезде) жүктеледі:

- Бөлім басшысына – Бөлімнің аға менеджеріне
- Бөлімнің аға менеджері – Бөлім менеджеріне
- Бөлім менеджері – Бөлімнің аға менеджері

2. МІНДЕТТЕРІ

14. Бөлімнің негізгі міндеттері:

- Еңбек нарығында қойылатын талаптардың өсуін ескере отырып мәдениет және өнер саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру;
- Мамандардың кәсіби музыкалық білім беру саласындағы қазіргі ғылыми ашылымдар туралы қажетті ақпараттың толық спектрін алу қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- Білім алушылардың бұрынғы кәсіби білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру;
- Кадрларды қайта даярлау;
- Педагогикалық технологияларды жетілдіру, педагогикалық кадрлардың кәсіби-адамгершілік қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың ғылыми әлеуетін арттыру;
- Біліктілікті арттыру процесінің құжаттық қамтамасыз етілуін жүзеге асыру, сондай-ақ авторлық бағдарламалар мен оқу-әдістемелік материалдар базасын кеңейту;

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 4 беті

- Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтарға посткурстық қолдау көрсету шеңберінде олардың посткурстық қызметін тұрақты мониторинг арқылы педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізу, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету.

3. ФУНКЦИЯЛАР

15. Бөлімінің басты қызметтері:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Консерватория базасында біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру арқылы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау қамтамасыз етіледі;
- Мұғалімдердің біліктілігін арттырудың ағымдағы және болашақ жоспарларын әзірлеуге қатысу;
- Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету;
- Білім беру үдерісі мен білім беру технологияларының әдістемелерін пайдалану және жетілдіру, заманауи оқу әдістерін енгізу, оның ішінде қашықтан оқыту;
- Біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының контингентін қалыптастыру;
- Тыңдаушылардың білімін ағымдағы бақылауды жүзеге асыру;
- Біліктілікті арттыру бойынша болашақ және ағымдағы жоспарларды әзірлеу;
- Құжат айналымы мен есептілікті белгіленген тәртіпте жүргізу.

3.1 БӨЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

16. Оқыту ректормен бекітілген, Консерватория оқытушылары мен шақырылған мамандарымен жүзеге асырылатын «Біліктілікті арттыру курстары» бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

17. Оқу жоспары мен бағдарламалары Консерваторияның Оқу-әдістемелік кеңесімен бекітіледі.

18. Бөлімге қабылдау тыңдаушының өтініші немесе кәсіпорын, мекеме, сондай-ақ басқа да заңды немесе жеке тұлғалардың жолдамасы негізінде жүзеге асырылады.

19. Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау кәсіпорындармен (бірлестіктермен), ұйымдармен, мекемелермен және мемлекеттік еңбек қызметі басқармасымен, сондай-ақ басқа да заңды және жеке тұлғалармен жасалатын келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

20. Мамандардың біліктілігін арттыру курстарын өту жиілігі тапсырыс беруші тарапынан белгіленеді, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында қарастырылған жағдайлардан басқа.

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 5 беті

21. Біліктілікті арттыру курстарының аяқталуы бойынша, оқу бағдарламасына байланысты сертификат беріледі.

22. Қайта даярлау курстарын аяқтағаннан кейін куәлік беріледі.

3.2 БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

23. Тыңдаушылар контингенті заңды және жеке тұлғалармен жасалатын келісімдер негізінде қалыптасады.

24. БА тыңдаушыларын оқуға қабылдау Консерваторияның бұйрығымен жүзеге асырылады.

25. КҚДжБАБ тыңдаушыларының мынадай құқықтары бар:

- білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтауға қатысу;
- қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қажетті нормативтік және нұсқаулық құжаттармен, оқу және оқу-әдістемелік материалдармен, сондай-ақ кітапханалық және ақпараттық қорлармен, басқа бөлімшелердің қызметтерімен пайдалануға құқық.

26. Консерваторияның конференциялары мен ғылыми семинарларына қатысуға, өздерінің рефераттарын, жұмыстарын және басқа материалдарын Консерватория басылымдарында жариялауға. Профессорлық-оқытушылық құрамның саны Консерваторияның штаттық кестесіне сәйкес анықталады. Профессорлық-оқытушылық құрамның, әдіскерлер мен басқа персоналдың штаты, Бөлім құрылымы Ректордың келісімімен Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен бекітіледі.

27. Профессорлық-оқытушылық құрам өкілдерінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерімен, жоғары білім беру туралы нормативтік құжаттармен және Консерваторияның Жарғысымен реттеледі.

3.3 ОҚУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

28. Оқыту лекциялар оқу, практикалық және семинарлық сабақтар, жеке сабақтар университеттің қызметі, тәжірибе алмасу, кеңес беру, бақылау және басқа жұмыстар және т.б бағытында өткізіледі.

29. Практикалық сабақтар университеттің оқу топтарында — оркестрлерде, ансамбльдерде, хорларда өткізіледі.

30. Біліктілікті арттыру курстары келесі түрде өткізіледі:

- жұмыстан қол үзбей;
- жұмыстан қол үзумен;
- жұмыстан ішінара қол үзумен.

Оқу мерзімі Консерваториямен тыңдаушы тандаған бағдарлама мен біліктілікті арттырудың мақсаттарына байланысты белгіленеді.

31. Курстар келесі оқу форматтарында өткізілуі мүмкін:

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 6 беті

- кезектесіп оқыту (офлайн);
- қашықтықтан оқыту (онлайн);
- қосарланған.

32. Біліктілікті арттыру бағдарламаларын жүзеге асыратын жетекші — Консерваторияның оқытушысы немесе шақыртылған маман, келесі талаптардың біріне немесе бірнешеуіне жауап беретін адам:

- ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежесі;
- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі;
- магистр академиялық дәрежесі;
- «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік категориясы;
- мәдениет және өнер саласындағы кәсіби жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл.

33. Біліктілікті арттыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін екі-үш жетекші лекция оқу және практикалық сабақтар жүргізу үшін тартылуы мүмкін.

34. Консерватория жүзеге асырады:

- оқытушыларды курстарда даярлау;
- оқытушылардың курстан кейінгі қызметін қолдау;
- білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу.

35. Консерваториядағы курстарда кәсіби және техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі шығармашылық білім алған, кәсіби қызметпен айналысатын және тиісті шығармашылық мамандық бойынша кәсіби білім, дағды, біліктілік пен құзыреттерді игеруге, кеңейтуге және тереңдетуге қызығушылық танытқан тұлғалар оқи алады.

36. Консерватория ұсынады:

- жеке біліктілікті арттыру курсы – таңдалған бағдарлама бойынша;
- Топтық біліктілікті арттыру курсы – тыңдаушының немесе ұйымның сұранысы бойынша ұсынылатын курстар бойынша жүзеге асырылады.

37. Біліктілікті арттыру курсының тыңдаушысы Консерваторияның кәсіби даярлық профилі бойынша 3 (үш) жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар оқытушыны таңдау құқығына ие, егер осы оқытушының курс жүргізуге қандай да бір себептермен мүмкіндігі болмаса, ол жағдайда бұл ереже қолданылмайды.

38. Жеке және топтық курс ұзақтығы «Авторлық курс» бағдарламасы бойынша 72 академиялық сағатты құрайды.

39. «Мамандық» бағдарламасы бойынша жеке курс ұзақтығы 160 академиялық сағатты құрайды.

40. «Тәжірибе» бағдарламасы бойынша жеке курс ұзақтығы 172 академиялық сағатты құрайды.

41. Реестрге енгізілген курс ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 7 беті

3.4 ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ӨТКІЗУ ҮДЕРІСІ

42. Біліктілікті арттыру тыңдаушысы келесі құжаттарды Бөлімге ұсынады:

1) Тыңдаушының толтырылған және қол қойған өтінімі, ұйым басшысының қолы қойылған;

2) Жоғары білім туралы дипломның немесе кәсіби, техникалық білім туралы дипломның көшірмесі қоса беріледі;

3) Жеке куәлік (екі тараптан);

4) Егер жеке куәлік пен дипломдағы деректер арасында айырмашылық болса, фамилияны өзгерту туралы құжат;

5) Тыңдаушымен біліктілікті арттыру қызметтерін көрсету туралы екіжақты келісімшарт жасалады (бұдан әрі - Келісімшарт). Онлайн форматта курс өту кезінде келісімшарттың сканерленген нұсқасын ұсынуға рұқсат етіледі;

6) Келісімшарт негізінде, тапсырыс беруші мен Консерватория арасында жасалған келісімшартқа сәйкес оқу кестесі әзірленеді;

7) Біліктілікті арттыру курсына тыңдаушыларды қабылдау Консерватория Ректорының бұйрығымен тыңдаушылар тізіміне сәйкес ресімделеді;

8) Тыңдаушылардың бағалануы сабақтар барысында (ағымдағы бағалау) және курс аяқталғаннан кейін (қорытынды бағалау) жүргізіледі және критериялық әдістер негізінде жүзеге асырылады.

43. Біліктілікті арттыру курсын сәтті аяқтаған тыңдаушыларға Консерватория ресми құжат береді, онда курс тақырыбы, сағат көлемі және курсты аяқтау күні көрсетіледі.

3.5 ПОСТКУРСТЫҚ ҚОЛДАУ

44. Курсты өткен педагог алған кәсіби құзыреттерін жұмыс барысында жүзеге асырады.

45. Курстардың білім беру бағдарламаларының мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелеріне негізделген курстан кейінгі қолдау мазмұны қалыптастырылады.

46. Педагогтың курстан кейінгі қолдау қызметін жүзеге асыру түрлері:

- тыңдаушыларға педагогикалық және диагностикалық қызметінде әдістемелік және сарапшылық көмек көрсету;
- педагогикалық және зерттеу қызметінің қорытынды жұмыстарын жүзеге асыру мен даярлауда сарапшылық көмек көрсету;
- тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастыруға көмек көрсету (семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, конференциялар және басқа білім беру іс-шаралары).

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 8 беті

47. Консерватория бір күнтізбелік жыл ішінде біліктілікті арттырған педагогтардың қызметін сапалы жүзеге асыру үшін курстан кейінгі қолдау көрсетеді.

48. Курсты аяқтағаннан кейін бір жылдан соң тыңдаушы посткурстық қолдау туралы есепті және растайтын құжаттарды Бөлімге ұсынады.

4. ҚҰҚЫҚТАР

49. Біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бөлімі өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін мыналарға құқылы:

- құрылымдық бөлімшелерден мамандар туралы қажетті деректер сұратуға;
- құрылымдық бөлімшелердің басшыларына кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөліміне қатысты мәселелер бойынша міндетті орындауға нұсқаулар беруге, сондай-ақ барлық құрылымдық бөлімшелерден бөлімнің міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты талап етіп, алуға;
- біліктілікті арттыру, кәсіби бағдар беру қызметі және бөлімнің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша өз бетінше хат алмасу жүргізуге, сондай-ақ Консерватория басшысымен келісуді талап етпейтін басқа да мәселелер бойынша хат алмасу жүргізуге;
- бөлімнің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік және муниципалдық органдармен, сондай-ақ басқа ұйымдармен, мекемелермен өзара қарым-қатынастарда ұйымның атынан белгіленген тәртіппен өкілдік етуге;
- бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер, ұсыныстар мен нұсқаулар беруге;
- кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру мәселелері бойынша ұйым ішінде өткізілетін мәжілістерге қатысуға және оларды өткізуге.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

50. Осы Ережемен бөлімге жүктелген міндеттер мен функциялардың сапалы және уақытылы орындалуына толық жауапкершілікті бөлім басшысы көтереді.

51. Бөлім қызметкерлерінің жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

52. Бөлім қызметкерлері сапа менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі және ішкі нормативтік құжаттаманың талаптарын сақтау бойынша өз міндеттерін орындауға жауапты болады.

53. Бөлім басшысы мен басқа қызметкерлер олар рәсімдейтін құжаттардың дұрыстығына, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне жеке жауап береді.

54. Бөлімнің барлық қызметкерлері кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау ережелері мен нормаларын сақтауға міндетті.

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 9 беті

6. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

55. Бөлім заң секторына, бухгалтерияға, академиялық мәселелер жөніндегі проректорға: келісуге бұйрықтар ұсынады.

56. Бухгалтериядан бөлім: жалақы туралы, тыңдаушылардың шарттары бойынша төлемдер алады.

57. Бөлім бухгалтерияға келесі құжаттарды ұсынады: жұмыс уақытының есебін, БА бойынша оқытушылардың байланыс сағаттарына ақы төлеу ведомосы, ақы төлеу үшін аурухана парақшасын, бөлім қызметкерлерін қабылдау, жұмыстан шығару, кезекті демалыстар туралы мәліметтерді, КҚДжБА тыңдаушылары бойынша ұсынады.

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

58. Осы ережені өзгерту жөніндегі ұсыныстар Ғылыми кеңес отырысында қабылданады немесе көпшілік дауыспен жойылады (отырысқа қатысып отырған ҚК мүшелері санының кемінде 2/3 дауысы).

59. Ережеге өзгерістер енгізу ректормен келісілген Бөлім басшысының қызметтік хаты негізінде Консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша ғана жүргізіледі.

60. КҚДжБА бөлімі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары Бөлімнің функцияларына қатысты бөлігінде, осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда қайта қаралуға жатады.

61. Осы ережеге өзгерістер енгізу «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті белгісі бар СМ, ІАСЖ, ЖК талаптарына сәйкес жүргізіледі.

62. Осы ережеге өзгеріс туралы хабарламалар консерваторияның барлық кафедраларына және жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

63. Ереженің көшірмесі кәсіптік КҚДжБА Бөлімінде сақталады. Ереженің электрондық сканерленген көшірмесі Консерваторияның сайтында орналастырылады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

64. Ереже Консерватория басшылығының бекітуінен кейін, бекіту күнінен бастап күшіне енеді.

65. Ереже Консерваторияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Консерватория басшылығының жазбаша рұқсатынсыз осы құжаттың толық немесе бөліктерін көшіруге, көбейтуге және беруіне тыйым салынады.

66. Осы құжаттың электронды нұсқасы сыртқы тараптарға немесе бақылаушы органдарға тек көшірмеден қорғау форматында ұсынылуы мүмкін.

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 10 беті

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҚШАСЫ

[illegible]

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 11 беті

ТАНЫСУ ПАРАҚШАСЫ

[illegible]

Құрылым туралы ереже	Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 12 беті